



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді
мұрағаттарының (репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 27.05.2025

Күшіне енген күні: 27.05.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 6. LIB

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес

Тіркеу нөмірі: 27.05.25

Иесі: Кітапханада зерттеулерді қолдау офисі

Қайта қарау күні: 15.10.2027

Қолданылуы: НУ және оның ұйымдары

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық
қолжетімді мұрағаты (репозиторий) туралы ереже

Күні: 15.08.2014

Тіркеу нөмірі: 15.08.14

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Ашық қолжетімділік архиві (репозиторий) туралы қағидалар мен рәсімдер (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – НУ немесе Университет) Жарғысына сәйкес Назарбаев Университеті репозиторийінің (бұдан әрі – НУ репозиторийі) жұмыс істеуі үшін қажетті негізді айқындайды, сондай-ақ оның негізгі мақсаттарын, қағидаттары мен жұмыс тәртібін белгілейді.

1.2. НУ репозиторийінің негізгі мақсаты – Университеттің және оның ұйымдарының академиялық және ғылыми-зерттеу материалдарын жинау, сақтау және олардың ашық қолжетімділігін қамтамасыз ету, бұл олардың қолжетімділігін арттыруға және ғылыми коммуникацияны дамытуға ықпал етеді.

2-бөлім. Терминдер/Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Әкімші** – НУ репозиторийін басқаруға жауапты және өзін-өзі архивтеу мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсететін Университеттің жұмыскері;

2) **Автор** – ғылымның, әдебиеттің, өнердің бірегей туындысын жасаушы, ол:

Университет жұмыскерлері;
студенттер;

Университетпен және оның ұйымдарымен байланысты және ғылыми қызметті жүзеге асыру кезінде Университеттің атауын, инфрақұрылымын және/немесе қызметтерін пайдалануға құқығы бар басқа де тұлғалар (шақырылған, құрметті немесе эмерит-профессорлар мәртебесі бар адамдарды қоса алғанда) болуы мүмкін;

3) **Эмбарго** – бұл ұсынылған жұмысты таратуға немесе жариялауға уақытша кейінге қалдырылатын немесе шектелетін алдын ала белгіленген уақыт кезеңі. Мұндай уақытша шара, әдетте, жариялау мерзімі мен тәсілін бақылау, сондай-ақ мазмұнды тексеруге және бекітуге жеткілікті уақытты қамтамасыз ету мақсатында қолданылады;

4) **Лицензиялық келісім** – автордың/басқа құқық иеленушілердің осы Келісімде айқындалған шарттарда материалдарды НУ репозиторийіне орналастыруға, архивтеуге, сақтауға және оларға қолжетімділік беруге рұқсат етуді білдіретін автор немесе басқа де құқық иеленуші мен Университет арасындағы келісім;

5) **Метадеректер** – дереккөзді сипаттайтын, түсіндіретін, анықтайтын немесе оны табуды, пайдалануды немесе басқаруды басқа жолмен жеңілдететін құрылымдық ақпарат;



6) **НУ репозиторийі** – НУ қоғамдастығы (қызметкерлер, студенттер және қызмет көрсету туралы шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалар), сондай-ақ оның ұйымдары құрған ғылыми зерттеулер мен зияткерлік меншік объектілерінің нәтижелерін ұзақ мерзімді сақтауға, жинақтауға және таратуға арналған институционалдық электрондық архив;

7) **Ашық қолжетімділік** – кез-келген пайдаланушыға НУ репозиторийінде орналастырылған кез-келген материалға ақысыз, жедел және онлайн қолжетімділік;

8) **Құқық иесі** – белгілі бір туындыға немесе зияткерлік меншік объектісіне айрықша мүліктік құқықтары бар жеке немесе заңды тұлға, мысалы, туындының қолданылуын, таралуын және көбеюін бақылау құқығына ие автор, жасаушы немесе мекеме;

9) **Өздігінен архивтеу** – қосылу туралы лицензиялық келісімге қол қойған автордың немесе өзге де құқық иеленушінің жұмысты өз бетінше орналастыруы;

10) **Пайдаланушы** – НУ репозиторийінің веб-сайтына кіретін және оның ресурстары мен материалдарын Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидалар мен рәсімдерге қайшы келмейтін мақсаттарда пайдаланатын тұлға;

11) **Туынды немесе ұсынылған материал** – ғылыми зерттеулердің нәтижелерін және/немесе цифрлық форматтағы деректерді қамтитын автор немесе басқа де құқық иесі НУ репозиторийіне ұсынған файл немесе файлдар жиынтығы.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Рөлдер мен міндеттер

3.1.1. Автор немесе құқық иесі мынадай жалпы талаптарды сақтауға міндетті:

1) лицензиялық келісімге (осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымша немесе 2-қосымша) қол қойып, оны Кітапханаға беру;

2) НУ репозиторийіне материалдарды орналастыру кезінде барлық қажетті метадеректерді ұсыну. Деректер жиынтығы жағдайында автор немесе құқық иесі негізгі метадеректерді (мысалы, атауы мен жасаушысы) көрсетуі керек, сонымен қатар мазмұнын сипаттайтын readme файлын қоса беруі керек;

4) егер зерттеу адамдардың қатысуын қамтыса, деректердің анонимділігін қамтамасыз ету және НУ-дың Ғылыми зерттеулер этикасы институционалдық комитетінен (қажет болған жағдайда) деректерді жариялауға рұқсат алу;

5) өзінің есептік жазбасын және/немесе паролін пайдалана отырып, НУ репозиторийіне кез келген рұқсатсыз кіру туралы NUIITS-ке хабарлау;

6) НУ репозиторийінде олардың есептік жазбасын пайдалана отырып жасалған барлық іс-әрекеттер үшін толық жауапты болу және кез келген іс-әрекет тікелей автордың немесе құқық иесінің іс-әрекеттері ретінде танылатынын мойындауға міндетті.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының (репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



3.1.2. НУ репозиторийін пайдаланған кезде авторға немесе құқық иесіне мынадай әрекеттерді:

1) заңсыз, зиян келтіретін, жала жабатын, зорлық-зомбылық пен қатыгездікті, араздықты немесе нәсілдік, этникалық, жыныстық, діни немесе әлеуметтік белгілері бойынша жеке адамдарға немесе топтарға қатысты кемсітушілікті насихаттайтын, қандай да бір адамдарға немесе ұйымдарға қатысты қорлау сөздерін қамтитын, порнографияны, балалар порнографиясын, тауарлар мен қызметтер жарнамасын қамтитын, сондай-ақ есірткі және психотроптық заттарды немесе олардың баламаларын, жарылғыш заттарды немесе өзге де қару түрлерін дайындау, қолдану немесе басқа тәсілдермен пайдалану туралы сипаттамаларды қамтитын құжаттар мен материалдарды жүктеуге, орналастыруға және/немесе таратуға;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жариялауға рұқсат етілмеген туындыларды жүктеуге, орналастыруға және/немесе таратуға;

3) осы Қағидалар мен рәсімдерде белгіленген шектеулер мен тыйымдарды бұзуға бағытталған әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

3.1.3. НУ репозиторийінің пайдаланушыларына мынадай әрекеттерді орындау ұсынылады:

1) деректерде аталған тұлғалардың жеке басын анықтауға тырыспау, сондай-ақ олардың жеке өміріне қол сұқпаушылық немесе құпиялылық құқығын бұзбау. Егер пайдаланушы байқаусызда біреудің жеке басын анықтап қойса, lrs@nu.edu.kz мекенжайы бойынша Кітапханадағы зерттеулерді қолдау офисіне жүгінуі қажет;

2) НУ репозиторийіндегі материалдарды пайдаланған кезде авторды және дереккөзді, оның ішінде тұрақты сілтемелерді міндетті түрде көрсету;

3) НУ репозиторийіндегі материалдарды тек білім беру, зерттеу және коммерциялық емес мақсаттарда пайдалану.

3.1.4. НУ репозиторийі әкімшілерінің міндеттері:

1) НУ репозиторийі жинақтарын басқару;

2) метадеректерді модерациялау және редакциялау;

3) эмбаргоға немесе басқа да шектеулерге жатпайтын материалдарға қолжетімділік ұсыну;

4) авторларға өз бетінше архивтеуге қатысты сұрақтар бойынша консультация беру;

5) 3.1.3-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгендей тұлғаны анықтаған жағдайда, дербес деректердің сақталуын қамтамасыз ету.

3.1.5. Университет НУ репозиторийіндегі ақпаратты пайдалану нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде туындаған қандай да бір шығындар немесе залалдар үшін жауап бермейді.

3.2. Орналастыру тәртібі

3.2.1. Туынды ашық қолжетімділік лицензиясы бойынша таратылып жатқан жағдайды қоспағанда, тек автордың немесе құқық иесінің қол қойылған

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының (репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



лицензиялық келісімі болған жағдайда ғана туынды НУ репозиторийіне орналастырыла алады. Орналастыруға қабылдау үшін барлық қажетті метадеректерді ұсыну қажет.

3.2.2. Туындыны НУ репозиторийінде өздігінен архивтеу және сақтау үшін автор немесе құқық иесі <http://nur.nu.edu.kz> сайтында авторизациялануы тиіс.

3.2.3. Толық мәтіндерге қолжетімділік автордың немесе құқық иесінің мүлтік емес құқықтарын сақтай отырып, НУ репозиторийінен материалдарды көшіру және дәйексөз келтіру мүмкіндігі бар пайдаланушылар үшін ашық және жарияланымды пайдалану мақсатын көрсете отырып, автордан немесе құқық иесінен толық мәтіннің көшірмесін сұрату мүмкіндігі қарастырылған жабық түрде болуы мүмкін.

3.2.4. Жекелеген жағдайларда туындылар НУ репозиторийінде белгіленген эмбаргомен орналастырылуы мүмкін. Эмбарго мынадай критерийлердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін құжаттарға ғана қолданылады:

1) туынды коммерциялық демеушілік аясында орындалған және белгілі бір күнге дейін ашылуға жатпайтын құпия ақпаратты қамтиды;

2) автор туындыны немесе оның бөлігін мақала, кітап тарауы немесе кітап ретінде жариялауды жоспарлап отыр;

3) автор өз зерттеу нәтижелері негізінде патентке өтінім беруді жоспарлап отыр немесе өтінім беру процесінде;

4) туындыда авторлық құқықпен қорғалған, құпия немесе құқықтық жағынан сезімтал деректер көп көлемде қамтылған, оларды жою немесе өңдеу орынсыз болып табылады;

5) туындының мазмұнына ашық қолжетімділік автордың немесе мәтінде аталған адамдардың жеке қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін;

6) эмбарго басқа себептер бойынша қолданылады. Эмбаргоны енгізу қажеттілігін негіздейтін айрықша жағдайлар мен дәлелді негіздер бар (жоғарыда көрсетілмеген).

3.3. Материалдардың түрлері мен форматтары

3.3.1. НУ репозиторийінде ғылыми материалдардың әртүрлі түрлері мен форматтары, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: ғылыми мақалалар, есептер, тезистер мен диссертациялар, кітаптар, конференция материалдары, кез келген цифрлық, картографиялық, дыбыстық деректер, суреттер, бейне презентациялар, интерактивті мультимедиялық материалдар, сондай-ақ білімді дамытуға ықпал ететін кез келген басқа ғылыми ресурстар орналастырылуы мүмкін.

3.3.2. НУ репозиторийі репозиторийдің веб-сайты үшін пайдаланылатын DSpace-тің ағымдағы нұсқасымен үйлесімді файлдар мен форматтарды қолдайды.



3.4. Авторлық құқық және зияткерлік меншік

3.4.1. Автор немесе авторлық құқық иесі Университетке коммерциялық емес мақсатта НУ репозиторийінде жұмысты сақтауға, резервтік көшіруге және таратуға айрықша емес құқық береді.

3.4.2. Жұмыстың авторы немесе құқық иесі авторлық құқыққа немесе ашық қолжетімділікте орналастыру құқығына ие болуы керек, сонымен қатар Университетке туындының мазмұнын көпшілікке қолжетімді етуге рұқсат беруге дайын болуы қажет.

3.4.3. Университет НУ репозиторийінде орналастырылған туындылар үшін авторға сыйақы төлемейді.

3.5. Қолжетімділік және алып тастау

3.5.1. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.4-тармағында көрсетілген шарттар қолданылған жағдайда, автор немесе құқық иесі 36 айға дейінгі мерзімге Эмбарго белгілей алады. Эмбаргоның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін туынды ашық қолжетімді болады.

3.5.2. Ерекше жағдайларда Университет автордың немесе құқық иесінің жазбаша сұрауы бойынша ашық қолжетімділіктегі материалға қол жеткізу түрін өзгертуді қарастыруы мүмкін. Сондай-ақ, автор немесе құқық иесі орналастырылған материалды жаңартылған немесе өңделген нұсқасымен ауыстыру туралы өтініш бере алады.

3.5.3. Туынды НУ репозиторийінен мынадай негіздердің біреуі:

- 1) расталған авторлық құқықтардың бұзылғаны немесе плагиат фактісі;
- 2) заңнама талаптары немесе расталған заң бұзушылық;
- 3) ұлттық қауіпсіздік мәселелері;
- 4) зерттеудің жалғандығы;
- 5) автордың немесе құқық иесінің алып қою себебін негіздей отырып, ресми жазбаша сұрау салуы болған жағдайда алынып тасталуы мүмкін.

3.5.4. Алынып тасталған туындылар НУ репозиторийінен жойылмайды, бірақ көпшілікке қолжетімді болмайды. Алынып тасталған жұмыстармен байланысты метадеректер мәңгілікке сақталуы мүмкін.

4-бөлім. Босату

4.1. Қолданылмайды.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде жыл сайын тексеріліп, қажет болған жағдайда қайта қаралуға тиіс.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының (репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. Академиялық кеңестің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 23 шешімімен бекітілген Ашық қолжетімділік қағидалары.



«Назарбаев Университеті» дербес
білім беру ұйымының Ашық
қолжетімділік архиві (репозиторийі)
туралы қағидалар мен рәсімдерге
1-қосымша

Назарбаев Университетінің репозиторийіне материалдарды орналастыру туралы лицензиялық келісім

1. Жалпы ережелер

1.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – «Университет») Сізге (авторға немесе құқық иесіне) Назарбаев Университетінің репозиторийіне материалдарды орналастыру туралы осы лицензиялық келісімнің (бұдан әрі – Келісім) шарттарында Назарбаев Университетінің репозиторийін (бұдан әрі – НУ репозиторийі) пайдалануды ұсынады. Келісім автор немесе құқық иесі оған қол қойған және осы Келісімнің 1.4-тармағында белгіленген тәртіппен оның шарттарымен келіскен сәттен бастап күшіне енеді.

1.2. Университет авторға немесе құқық иесіне өз материалдарын өздігінен архивтеу және сақтау мақсатында НУ репозиторийіне кіруге мүмкіндік береді. Университеттің НУ репозиторийімен байланысты барлық қызметтері осы Келісімнің ережелерімен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

1.3. НУ репозиторийін пайдалану НУ-дың ішкі нормативтік құжаттарының репозиторийінде орналастырылған «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Назарбаев Университеті репозиторийінің қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады (<https://regulations.nu.edu.kz/>).

1.4. НУ репозиторийін өздігінен архивтеу және сақтау үшін пайдалана отырып, автор немесе құқық иесі осы Келісімнің барлық шарттарын толығымен, ешқандай ескертусіз немесе ерекшеліктерсіз қабылдаған болып есептеледі. Автор немесе құқық иесі осы Келісімнің қандай да бір ережесімен келіспеген жағдайда, өзінің жарияланымын НУ репозиторийіне ұсынудан бас тарта алады. Университет осы Келісімге төменде көрсетілген 3.1-тармаққа сәйкес өзгерістер енгізсе және автор немесе құқық иесі бұл өзгерістермен келіспесе, ол осы Университетпен жасалған Келісімді бұзуға құқылы.

2. НУ репозиторийін пайдалану шарттары

2.1. Автор немесе құқық иесі осы Келісімді жасауға және материалды НУ репозиторийіне орналастыруға қажетті барлық өкілеттіктерге ие болады.

2.2. Орналастырылатын материал түпнұсқа болуы тиіс және үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын, оның ішінде авторлық құқықтарды бұзбауы, сондай-ақ құпия ақпаратты немесе жеке және/немесе шектеулі деректерді қамтымауы керек.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының
(репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



2.3. Автор немесе құқық иесі баспамен жасалған келісімге сәйкес рұқсат етілген материал нұсқасын ұсынуға міндетті.

2.4. Автор немесе құқық иесі Университетке осы НУ репозиторийі туралы Келісімнің нысанасы болып табылатын материалды сақтау, резервтік көшіру және коммерциялық емес мақсаттарда тарату құқығын ерекше емес негізде береді. НУ репозиторийінің пайдаланушылары үшін материалға қолжетімділік мынадай деңгейлердің біріне сәйкес жүзеге асырылады:

ашық қолжетімділік,

☒ Немесе эмбаргомен ☐ 1 жылға ☐ 2 жылға ☐ 3 жылға

(Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.3-тармақшасына сәйкес алып қою талап етілетін жағдайларды қоспағанда, көрсетілген мерзім өткеннен кейін құжат барлық пайдаланушылар үшін автоматты түрде ашық қолжетімділікте орналастырылатын болады).

3. Қорытынды ережелер

3.1. Университет осы Келісімге алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады және Келісімнің жаңа редакциясы, егер Келісімнің жаңа редакциясында өзгеше көзделмесе, ол Басқарушы кеңестің шешімімен бекітілгеннен және НУ-дың ішкі нормативтік құжаттарының репозиторийінде жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

3.2. Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер, сондай-ақ осы Келісіммен реттелетін құқықтық қатынастардан туындайтын барлық ықтимал даулар осы Қағидалар мен рәсімдерге, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

3.3. Мен Қағидалар мен рәсімдермен танысқанымды және мен орналастырған туынды көрсетілген шарттарға сәйкес келетіндігін растаймын және келісемін. Мен НУ репозиторийін пайдалану шарттары мезгіл-мезгіл өзгеріп отыруы мүмкін екенін және менің материалымды орналастыру кезінде сол сәтте қолданыста болатын Қағидалар мен рәсімдер қолданылатынын түсінемін.

Төменде қол қоя отырып, мен осы Келісімнің шарттарымен келісетінімді, сондай-ақ «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Ашық қолжетімділік архиві туралы қағидалар мен рәсімдердің ережелерімен танысқанымды растаймын:

Кафедра/Мектеп

Автордың/құқық иесінің ТАӘ

Орналастырылатын материалдың атауы

Электрондық пошта

Күні және қолы



«Назарбаев Университеті» дербес
білім беру ұйымының Ашық
қолжетімділік архиві (репозиторийі)
туралы қағидалар мен рәсімдерге
2-қосымша

**Диссертацияны орналастыруға лицензиялық келісім және Назарбаев
Университетінің магистратурасы мен докторантурасының түлектеріне
эмбарго белгілеуге сұрау салу нысаны**

1. Нұсқаулар

1) Осы форманың анық және түсінікті қолжазбамен толтырылғанына көз жеткізіңіз.

2) Титулдық параққа қойылатын талаптар: Бұл бөлімде диссертацияның титулдық парағында міндетті түрде көрсетілуі тиіс элементтер келтірілген. Осы нұсқауларды мұқият және нақты сақтаңыз.

3) Автор немесе құқық иесі және диссертация атауы туралы ақпарат: Автор туралы және диссертацияның атауы жайлы қажетті мәліметтерді көрсетіп, осы бөлімді толтырыңыз. Барлық ақпараттың дұрыстығы мен толықтығына көз жеткізіңіз.

4) Диссертацияны орналастыру талаптары: Диссертацияны орналастыруға қойылатын нақты талаптарды түсіну үшін осы бөлімдегі нұсқаулармен мұқият танысып шығыңыз.

5) Қолжетімділік түрі: Диссертацияны орналастыру және сақтау бойынша тиісті нұсқаларды таңдаңыз. Таңдауыңыз қажетті қолжетімділік деңгейіне сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.

6) Құпиялылық, авторлық құқық және өңделген материалдар: Диссертацияда құпия, авторлық құқықпен қорғалған немесе өңделген материалдардың бар екені туралы қажетті ақпаратты көрсетіп, осы бөлімді толтырыңыз.

7) Орналастыруға келісім беру туралы өтініштер: Әрбір тармақты мұқият оқып шығып, тиісті ұяшықтарға белгі қою арқылы келісетініңізді растаңыз.

8) Қолтаңбалар мен растайтын құжаттар: Қажетті қолтаңбаларды қойып, өтінім беруді аяқтау үшін барлық талап етілетін растайтын құжаттарды қоса тіркеңіз.

2. Титулдық параққа және аннотацияға қойылатын талаптар

Диссертацияның титулдық парағында көрсетілген тәртіппен мынадай ақпарат болуы керек:

1) сіздің мектебіңіз бен ғылыми жетекшіңіз бекіткен диссертацияның толық атауы;

2) авторлардың ТАӘ;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының
(репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



3) дәреже алу үшін диссертация ұсынылатын академиялық дәреженің атауы;

4) диссертация ұсынылған ай мен жыл.

Диссертацияның электрондық нұсқасында диссертацияның мазмұнын дәл көрсететін 400 сөзден аспайтын аннотация болуы керек.

3. Автор, тақырып, академиялық дәреже және Мектеп/кафедра туралы ақпарат

Автордың / құқық иесінің ТАӘ

Диссертацияның/ Capstone жобасының атауы:

Дәреже алу үшін диссертация/Capstone жобасы ұсынылатын академиялық дәреже:

Кафедра/Мектеп:

Бағдарлама:

Диссертацияны ұсыну айы мен жылы:

Өтініш

☐ Жоғарыда келтірілген мәліметтер дәл екенін растаймын.

Автордың/құқық иесінің қолы және күні:

4. Диссертацияны орналастыруға қойылатын талаптар

Диссертацияңызды орналастыру үшін мынадай әрекеттерді орындау қажет:

- 1) қажет болған жағдайда қосымша түсініктемелер беру;
- 2) құпия материалдар жойылған немесе редакцияланған диссертацияның цифрлық нұсқасын ұсынғаныңызды растау;
- 3) диссертацияның көшірмесін Назарбаев Университетінің репозиторийіне жүктегеніңізді растау;
- 4) сіздің диссертацияңыз авторлық құқық туралы заңды және өзге де қолданылатын құқықтық нормаларды бұзбайтынын растау;

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының (репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



5) диссертацияға қолданғыңыз келетін эмбарго немесе редакциялау түрін көрсету;

6) диссертацияңыз үшін эмбаргоның қалаулы мәртебесіне қатысты төменде келтірілген мәлімдемелердің бірін таңдау;

7) эмбарго немесе редакциялау туралы сұрауыңызды мақұлдау туралы ғылыми жетекшіңізден, Мектеп басшысынан немесе деканнан растайтын құжаттарды ұсыну;

8) ескерту: кітапханадағы зерттеулерді қолдау тобы кез келген сұрақтарға көмектесуге дайын. Байланысу дерегі: lrs@nu.edu.kz.

5. Эмбарго белгілеуге рұқсат етілген негіздер

1) Диссертация коммерциялық демеушілікпен орындалған және белгілі бір мерзімге дейін ашуға болмайтын құпия ақпаратты қамтиды.

2) Сіз диссертацияның толық нұсқасын немесе оның бөлігін мақала, кітап тарауы немесе кітап түрінде жариялауды жоспарлайсыз.

3) Сіз өзіңіздің зерттеу нәтижелеріңіздің негізінде патентке өтінім беруді жоспарлап отырсыз немесе осындай өтінім беру процесінде тұрсыз.

4) Диссертация авторлық құқықпен қорғалған, құпия немесе заңды тұрғыдан сезімтал материалдарды көп мөлшерде қамтиды, олардың жойылуы немесе өңделуі тиімсіз.

5) Диссертацияның мазмұнына ашық қолжетімділік автордың немесе мәтінде аталған тұлғалардың жеке қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

6) Эмбарго басқа себептермен қолданылады. Эмбарго енгізу қажеттілігін негіздейтін ерекше жағдайлар мен негіздер (жоғарыда көрсетілмеген).

6. Қолжетімділік түрі (диссертацияны орналастыру және сақтау)

Осы нысанды мұқият оқып шығыңыз және диссертацияңызды орналастыру мен сақтаудың тиісті нұсқаларын таңдап, оны толтырыңыз.

Мына мәлімдемелердің бірін таңдаңыз.

☐	Эмбарго	қажет	емес.
--------------------------	----------------	--------------	--------------

Менің диссертацияма эмбарго белгілеу қажеттілігі жоқ және оның ашық қолжетімділікте	жариялануына	келісемін.
--	---------------------	-------------------

Түсініктеме: Университет НУ репозиторийін Университет қоғамдастығының зерттеу нәтижелерін архивтеу және тарату үшін пайдаланады. Жұмысты көпшілікке жариялау оның кейінірек мақала, кітап түрінде немесе патент беру кезінде жариялану мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының (репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



екенін ескеріңіз. Сонымен қатар, кейбір болашақ жұмыс берушілер мен ұйымдар ашық қолжетімділікті ресми басылым ретінде мойындамауы мүмкін. Диссертация Интернетте қолжетімді болады, бұл ондағы ақпаратты үшінші тұлғалардың пайдалануына әкеп соғуы мүмкін.

☐ **Жарияланғанға дейін белгіленген эмбарго**

Эмбарго қажет, өйткені мен диссертацияның барлығын немесе бір бөлігін мақала, кітаптың тарауы немесе кітап түрінде жариялауды қарастырамын. Диссертацияның метадеректері мен аннотациясы НУ репозиторийінде қолжетімді болуы мүмкін.

Мен диссертациямның толық мәтінін:

- ☐ 1 жылға
- ☐ 2 жылға
- ☐ 3 жылға эмбарго белгілей отырып, НУ репозиторийіне орналастырғым келеді.

Бұл сіздің ғылыми жетекшіңізбен келісілуі керек екенін ескеріңіз.

☐ **Патентке өтінім бергенге дейін белгіленген эмбарго**

Эмбарго қажет, өйткені мен өз зерттеу нәтижелеріме негізделген патентке өтінім беру процесіндемін. Диссертацияның метадеректері мен аннотациясы НУ репозиторийінде қолжетімді болуы мүмкін.

Мен диссертациямның толық мәтінін:

- ☐ 1 жылға
- ☐ 2 жылға
- ☐ 3 жылға эмбарго белгілей отырып, НУ репозиторийіне орналастырғым келеді.

Бұл сіздің ғылыми жетекшіңізбен келісілуі керек екенін ескеріңіз.

☐ **Басқа себептермен белгіленген эмбарго**

Мен эмбарго сұрауымның себебі:

.....
.....
.....
.....
.....



Бұл сіздің ғылыми жетекшіңізбен келісілуі керек екенін ескеріңіз.

Диссертацияның метадеректері мен аннотациясы НУ репозиторийінде қолжетімді болуы мүмкін.

Мен диссертациямның толық мәтінін:

☐ 1 жылға

☐ 2 жылға

☐ 3 жылға эмбарго белгілей отырып, НУ репозиторийіне орналастырғым келеді.

☐ **Эмбарго белгілеу туралы сұраныс.**

Назар аударыңыз: эмбарго белгілеу туралы әрбір сұраныс эмбаргоға өтінімді қолдайтын ғылыми жетекшінің немесе Мектеп басшысының (жағдайға байланысты) хатымен бірге жүруі керек.

Егер үш жылдан ұзақ мерзімге эмбарго сұралса, қалаған ұзақтығын және мерзімді ұзартудың негіздемесін көрсетіңіз:

.....
.....
.....
.....

Қосымша ақпарат алу үшін ғылыми жетекшіңізбен немесе Мектеп әкімшілігімен хабарласыңыз. Сондай-ақ сұранысты кітапхана директорымен келісу қажет болады.

7. Құпиялылық, авторлық құқық және өңделетін материалдар

Егер сіздің диссертацияңызда құпия материалдар болса, олар тапсырылатын нұсқадан алып тасталуы немесе редакциялануы тиіс және ашық түрде жариялануға жатпайды. Диссертацияда «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңының талаптарын бұзатын материалдар болмауы тиіс».

☐ Электрондық диссертация нұсқасын құпия материалдарды, оның ішінде клиникалық практикаға қатысты бөлімдерді (егер қолданылса) алып тастап немесе редакциялап тапсырғанымды растаймын.

Редакциялау: егер белгілі бір ақпарат жойылған немесе жасырылған болса, редакциялау себебін және тиісті материалдың қысқаша сипаттамасын көрсетіңіз:

.....
.....
.....

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ашық қолжетімді мұрағаттарының (репозиторийлерінің) қағидалары мен рәсімдері



Диссертациямда «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңының немесе өзге де қолданылатын құқықтық нормалардың талаптарын бұзатын материалдар жоқ екенін растаймын.

8. Орналастыруға келісім беру туралы өтініш

☐ Мен диссертацияның авторы, құқық иесі немесе тең авторы екенімді және осы келісімді жасауға өкілеттігім бар екенін растаймын, осылайша диссертацияны осы келісімнің шарттарына сәйкес орналастыру құқығын беремін.

☐ Мен осы келісім бойынша НУ репозиторийіне берілген құқықтар айрықша емес және өтеусіз екенін түсінемін. Менің диссертацияны ағымдағы немесе редакцияланған түрде басқа дереккөздерде жариялауға құқығым бар.

☐ Мен Кітапхана қызметі немесе Назарбаев Университетімен тиісті келісімдер жасаған басқа де үшінші тараптар диссертацияның мазмұнын өзгертпестен, оны ұзақ мерзімді сақтау және қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында кез келген тасымалдағышқа немесе кез келген форматқа көшіре алатынына келісемін.

☐ Мен диссертация және/немесе оның метадеректері НУ репозиторийінде орналастырылғаннан кейін, оларды іздеу жүйелері мен ЖИ құралдары индекстеуі мүмкін екенін, және бұл Интернет желісіндегі барлық пайдаланушылардың оларға қол жеткізуіне мүмкіндік беретінін түсінемін.

☐ Мен НУ репозиторийінде орналастырылған диссертацияның электрондық көшірмесі Университеттің ғылыми жетістіктерін халықаралық деңгейде ілгерілету мақсатында диссертацияның толық мәтінін немесе метадеректерін қоса алғанда, ғылыми материалдарды тарату туралы Университетпен келісімдер жасалған үшінші тараптарға қолжетімді болуы мүмкін екеніне келісемін.

☐ Мен диссертация НУ репозиторийінде қолжетімді болғандықтан, оған сілтеме әрқашан көрсетілетінін түсінемін.

☐ Мен диссертацияның түпнұсқа екеніне көз жеткізу үшін ақылға қонымды мұқияттылық танытқанымды және маған белгілі болған шектерде ол «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңын және авторлық немесе өзге де зияткерлік меншік объектілеріне үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтынын растаймын. Үшінші тұлғалар авторлық құқықпен қорғалған материалдары пайдаланған жағдайларда, дереккөз толық көрсетілді.

☐ Мен НУ кәсіби және этикалық міндеттемелерді орындауға үлкен мән беретінін түсінемін және қатысушылардың, клиникалық зерттеулердегі пациенттердің немесе клиенттердің құпиялылығын бұзуы немесе әл-ауқатына кері әсер етуі мүмкін материалдарды ашық қолжетімділікте орналастыруға жол бермеу аса маңызды екенін толық түсінемін.



☐ Мен бұл диссертацияға қатысты зияткерлік меншік құқықтарының бұзылу жағдайында автордың немесе басқа құқық иелерінің атынан заңды шаралар қолдануға НУ міндетті емес екенін түсінемін.

☐ Мен белгілі бір жағдайларда диссертацияға эмбарго белгілеу туралы өтініш бере алатынымды немесе ғылыми жетекшіден өтініш беру ұсынысын ала алатынымды және бұл дәреже беру кезінде оның бағасына әсер етпейтінін түсінемін.

9. Қолдар және растайтын құжаттар

Автордың/құқық иесінің қолы:

.....

Күні:

...

Тегі, аты және күні (жазбаша):

.....

Электрондық пошта мекенжайы (оқу аяқталғаннан кейін жолдау жіберу үшін электрондық пошта мекенжайын пайдаланбаңыз):

.....

10. Ғылыми жетекшінің және кафедраның мақұлдауы

Сіздің ғылыми жетекшіңіз бен кафедраңыз эмбарго белгілеу немесе редакциялау туралы өтініміңізді қолдайтынына көз жеткізіңіз. Егер бұл бөлімдер толтырылмаса, сіздің өтінішіңіз қабылданбауы мүмкін, бұл Университетті кешігіп бітіруге әкеп соғады.

Ғылыми жетекшінің деректері:

ТАӘ:

Қолы:

Лауазымы:

Кафедра:

Электрондық пошта

мекенжайы:

Телефон нөмірі:

Ғылыми жетекшінің пікірі:

.....

☐ Мен бұл өтінімді қолдаймын.



☐ Мен бұл өтінімді қолдамаймын.

Кафедра басшысы:

ТАӘ:

Қолы:

☐ Мен бұл өтінімді қолдаймын.

☐ Мен бұл өтінімді қолдамаймын.

3 жылдан астам мерзімге эмбарго белгілеуге арналған өтінімдер

3 жылдан астам уақытқа эмбарго белгілеуге арналған барлық өтінімдерді кітапхана директоры мақұлдауы керек.

Кітапхана директоры:

ТАӘ:

Қолы:

☐ Өтінім мақұлданды.

☐ Өтінім мақұлданбады.